

Инвестициялық алтын мен күмісті сатуға байланысты жеке тұлғаларға салық салу тәртібі

ҚҚС:

Банктен сатып алынған инвестициялық алтынды сатқан, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктерде ашылған жеке және заңды тұлғалардың металл шоттары арқылы инвестициялық алтынды сатқан кезде ҚҚС салынбайды.

Декларацияларда көрсету:

Жеке тұлға есепті кезең (күнтізбелік жыл) ішінде инвестициялық алтын мен күмісті сатудан табыс тапқан кезде мұндай кіріс **270.00** декларациясында (жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларация) міндетті түрде көрсетіледі.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияға (**250.00**-нысан) қатысты - онда инвестициялық алтын мен күміс түріндегі активтер көрсетіледі.

Құйма түріндегі нақты алтыннан, металл шоттағы алтыннан, күмістен түскен табыс:

Егер мүлікті сату бағасы (құны) мен оны сатып алу бағасы (құны) арасында оң айырмашылық (өсім) болса табыс тек сатқан сәтте пайда болады (Салық кодексінің 385-бабы).

Жеке тұлға алтынды өсіммен сатқан кезде декларацияны өз бетінше тапсыруға міндетті.

Салық кодексінде металл шоттар бойынша табыс табатын кезде салық салуға қатысты нормалар жоқ.

Алайда, металл шоттағы алтынды, күмісті немесе басқа да металдарды сатудан түскен табысқа да оны табыспен сататын кезде салық салынуы тиіс деп есептейміз. Жеке тұлға сондай-ақ 270.00 декларациясында кірісті көрсетуге және тікелей жазылмаған басқа кірістер сияқты ЖТС (ҚР СК 371-бабының 16-тармағына сәйкес) төлеуге міндетті. Мүлікті өткізу бағасы (құны) мен оны сатып алу бағасы (құны) арасындағы оң айырма (өсім) жеке алтынға ұқсас табыс болып табылады.

Мысалы:

Жеке тұлға 5 грамм алтынды 50 000т/грамм бағасымен сатып алды.

Сатып алатын сомасы: $5 * 50\,000 = 250\,000$ теңге.

Кейінірек жеке тұлға 5 граммды 52 500т / грамм бағасымен сатты.

Сататын сомасы: $5 * 52\,500 = 262\,500$ теңге.

Сатудан түскен табыс = Сату бағасы – Сатып алу бағасы

$262\,500 - 250\,000 = 12\,500$ теңге

ЖТС = $12\,500 * 10\% = 1\,250$ теңге

Сыйға тартылған алтынға салық салу

Салық кодексіне сәйкес мүлікті сатып алу бағасы (құны) болмаған жағдайда (мысалы, инвестициялық алтынды жеке тұлға сыйлық ретінде алған) сату құны құн өсімінен түсетін табыс болып табылады.

Мұндай жағдайларды болдырмау үшін осындай мүлік сатылған (берілген) салық кезеңі үшін 270.00 нысаны бойынша декларацияны тапсыратын мерзімге дейін мүліктің құнын бағалауды ұсынамыз.

Сыйға тартылған алтынды сататын кезде салық қалай есептеледі?

Сататын кезде сыйға тартылған алтынның нарықтық құнының анықталғанына байланысты салық есептеледі.

1-нұсқа. Нарықтық құны анықталған

Егер сіз мүлікке алдын ала (декларацияны тапсыруды мерзімінен кешіктірмей) бағалау жасасаңыз, салық сату бағасы мен бағалау құны арасындағы айырмашылықпен ғана төленеді.

Мысалы:

Бағалау: 650 000 теңге

Сату: 700 000 теңге

Өсім: 50 000 теңге

ЖТС = $50\,000 * 10\% = 5\,000$ теңге

➔ Мұндай жағдайда салық тек пайдадан ғана төленеді.

2-нұсқа. Нарықтық құны анықталмаған

Егер мүлікке бағалау жүргізілмесе, онда салық сататын барлық сомадан есептеледі.

Мысалы:

Сату бағасы: 700 000 теңге

ЖТС = $700\,000 * 10\% = 70\,000$ теңге

➔ Мұндай жағдайда сатып алу құны нөлге тең.

Қысқаша

✔ Бағалау жасалса → салық баға айырмасына байланысты

✘ Бағалау жасалмаса → салық барлық сомаға салынады.

Келтірілген салық салу тәртібі салық заңнамасында тікелей және нақты жазылған салық салуды қоспағанда, субъективті пікір болып табылады.

Осыған байланысты Банк клиенттеріне сауалдарымен МКК немесе Қаржы министрлігіне хабарласу ұсынылады.

Маңызды! Түсіндірмелер 2026 жылғы ақпандағы жай-күйі бойынша қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес жасалды.